

## **"Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының заңы 1997 жылғы 16 шілдедегі N 166

"Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" 1991 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 26, 345-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 9-10, 158-құжат; N 15, 208-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; 1997 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай толықтыру енгізілсін:

49-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері мен олардың кәсіпорындары, протез-ортопедиялық кәсіпорындары салық заңдарында, сондай-ақ кеден ісі заңдарында көзделгеннен басқа әртүрлі қорларға қаржы аударымдарынан (жеңілдікті тариф бойынша әлеуметтік сақтандыруға қаржы аударымдарынан басқа), баж бен міндетті төлемдердің барлық түрінен босатылады. Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің тіршілік әрекеті үшін сырттан әкелінетін немесе олардың кәсіпорындарының өндірістік қызметінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша қажет көлемде пайдаланылатын тауарлар кеден ісі туралы заңдарда көзделген барлық баж түрлерінен босатылады.

Қазақстан Республикасының  
Президенті